Оралхан Жібектің

«8D10102 – Медицина» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (Ph.D.) ғылыми дәрежесін алу үшін

«Ауыз куысы аурулары мен жүктіліктің жағымсыз нәтижелері»

тақырыбында дайындалған диссертациясына

АҢДАТПА

Зерттеудің өзектілігі

Қоғам денсаулығы мен болашақ ұрпақтың тұрақты дамуы перинаталдық денсаулық көрсеткіштерімен тығыз байланысты. Жүктіліктің қолайсыз нәтижелері, әсіресе мерзімінен бұрын босану (МБ), әлемдік және ұлттық деңгейде перинаталдық аурушаңдық пен өлім-жітімнің жетекші себептерінің бірі болып қала береді. МБ неонаталдық өлім-жітімнің, ұзақ мерзімді мүгедектіктің және созылмалы аурулардың жоғары қаупімен сипатталады, сондай-ақ ана үшін келесі жүктіліктерде қайталану ықтималдығын арттырады.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы мен Біріккен Ұлттар Ұйымы мерзімінен бұрын босануды жаһандық ғылыми және қоғамдық-денсаулық сақтау басымдығы ретінде айқындап отыр. Неонаталдық көмектегі жетістіктерге қарамастан, бұл патологияның әлеуметтік-экономикалық және медициналық ауыртпалығы, әсіресе ресурсы шектеулі аймақтарда, әлі де жоғары деңгейде сақталуда. Осыған байланысты мерзімінен бұрын босанудың алдын алуға бағытталған тиімді әрі қолжетімді стратегияларды әзірлеу Қазақстан үшін де өзекті мәселе болып табылады.

Қазіргі ғылыми деректер мерзімінен бұрын босанудың дамуына аналық, әлеуметтік, экологиялық және биологиялық факторлардың кешенді әсер ететінін көрсетеді. Соңғы жылдары ауыз қуысы денсаулығы, әсіресе пародонт аурулары, жүйелік қабынудың созылмалы көзі ретінде ерекше назар аудартып отыр. Қабыну медиаторлары мен ауыз қуысы патогендерінің, соның ішінде Fusobacterium nucleatum-тың, фетоплацентарлық жүйеге әсері плацентарлық дисфункция мен спонтанды босанудың басталуына ықпал етуі мүмкін.

Қазақстанда мерзімінен бұрын босанудың нәресте өлім-жітіміндегі үлесінің жоғары болуы ананың ауыз қуысы денсаулығын инвазивті емес биомаркер ретінде қарастырудың өзектілігін арттырады. Ауыз қуысы жағдайын антенаталдық бақылауға енгізу қауіп-қатерді ерте кезеңде анықтауға, алдын алу шараларын уақтылы жүргізуге және ана мен жаңа туған нәрестенің денсаулық көрсеткіштерін жақсартуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл тәсіл экономикалық тұрғыдан тиімді және қоғамдық денсаулық сақтау практикасына оңай енгізілетін стратегия болып табылады.

Зерттеу мақсаты– ауыз қуысы ауруларының мерзімінен бұрын босанудың этиологиясындағы рөлін олардың әлеуметтік-экономикалық және

аналық факторлармен өзара әрекеттесуін талдау арқылы зерттеу, сондай-ақ сілекей мен плацентада Fusobacterium nucleatum-ды анықтау негізінде осы байланыстың негізгі биологиялық механизмдерін айқындау.

Зерттеу міндеттері:

− Ауыз қуысы аурулары мен мерзімінен бұрын босану арасындағы байланыстың күшін және бірізділігін бағалау мақсатында халықаралық және ұлттық зерттеу деректеріне жүйелі шолу мен мета-талдау жүргізу;

− Қазақстан Республикасындағы жүктіліктің проспективті когортасы деректері негізінде мерзімінен бұрын босануға ықпал ететін аналық қауіп факторларын, оның ішінде әлеуметтік-экономикалық, мінез-құлықтық және клиникалық детерминанттарды, сондай-ақ ауыз қуысына қатысты өзін-өзі хабарлаған симптомдарды анықтау және талдау;

− Жағдай–бақылау үлгісінде ауыз қуысы аурулары мен аналық қауіп факторларының спонтанды мерзімінен бұрын босануға жеке және бірлескен әсерін анықтау, сондай-ақ пародонт жағдайын, мінез-құлықтық детерминанттарды және плацентарлық тінде *Fusobacterium nucleatum*-дың болуын бағалау арқылы ықтимал биологиялық механизмдерді зерттеу.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы.

Бұл зерттеу Қазақстанда алғаш рет ананың ауыз қуысы аурулары мен мерзімінен бұрын босану арасындағы байланысты әлеуметтік-экономикалық, клиникалық және молекулалық деректерді кешенді түрде біріктіре отырып зерттейді. Сілекей мен плацентарлық тінде *Fusobacterium nucleatum*-ды анықтау ауыз қуысы мен плацента арасындағы өзара байланыстарға қатысты жаңа ғылыми дәлелдер ұсынады. Stacking көпсыныпты машиналық оқыту моделін қолдану аймақтық популяция деңгейінде мерзімінен бұрын босанудың ерте болжаушы факторларын анықтауға мүмкіндік береді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы.

Бұл зерттеу ананың ауыз қуысы денсаулығын жақсарту арқылы мерзімінен бұрын босану қаупін төмендетудің дәлелді негізін ұсынады және оны кеңейтілген қауіп-қатер профилінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырады. Акушерлік және әлеуметтік-экономикалық факторлар сияқты мерзімінен бұрын босанудың жақсы зерттелген болжаушыларымен қатар, пародонт ауруларын ықпал етуші әрі өзгертуге болатын қауіп факторы ретінде анықтау қауіп-қатерді неғұрлым дәл стратификациялауға және жекелендірілген антенаталдық көмекті ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері ананың денсаулығын қорғауда пәнаралық тәсіл шеңберінде жоспарлы ауыз қуысы денсаулығын бағалауды стандартты антенаталдық бақылауға енгізудің маңыздылығын дәлелдейді.

Диссертацияның қорғауға шығарылатын негізгі ережелері:

− Жүйелі шолу мен мета-талдау халықаралық және отандық деректер негізінде аналық пародонтит пен мерзімінен бұрын босану қаупінің жоғарылауы арасында елеулі байланыс бар екенін көрсетті.

− Когорттық зерттеуде ананың пародонт жағдайы спонтанды мерзімінен бұрын босанудың маңызды болжаушысы ретінде анықталды, бұл байланыс әлеуметтік-экономикалық жағдайы төмен әйелдер арасында айқынырақ байқалды.

− Клиникалық, әлеуметтік-экономикалық және микробиологиялық деректерді біріктіру үшін машиналық оқыту модельдерін қоса алғанда, заманауи аналитикалық тәсілдер қолданылды, бұл мерзімінен бұрын босану қаупін дәл болжауға мүмкіндік берді. Аталған модельдер қауіп-қатерді жекелендіріп стратификациялауға негіз болып, жоғары қауіп тобына жататын жүктіліктерді ерте анықтауға және мақсатты алдын алу шараларын жоспарлауға жағдай жасайды.

− Алынған нәтижелер негізінде ауыз қуысы денсаулығын бағалау мен басқаруды жоспарлы антенаталдық бақылауға енгізуге бағытталған практикалық, дәлелді ұсынымдар әзірленді. Оларға жүкті әйелдерге арналған құрылымдалған ауыз қуысы денсаулығы бойынша білім беру бағдарламалары, ерте пародонтологиялық скрининг, уақтылы диагностика, дұрыс ауыз қуысы гигиенасын сақтау және жүктілік кезінде қауіпсіз ем жүргізу кіреді. Хабардарлық пен білім деңгейін арттыру денсаулық сақтау қызметтеріне жүгіну мінез-құлқын жақсартып, аналық ауыз қуысы инфекцияларының жүктемесін азайтуға, соның нәтижесінде мерзімінен бұрын босану жиілігін төмендетуге және ана мен жаңа туған нәрестенің денсаулық көрсеткіштерін жақсартуға ықпал етеді.

Тақырыптың ғылыми-зерттеу бағдарламаларының жоспарларымен байланысы

Зерттеу Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Мерзімінен бұрын босануға клиникалық, геномдық және экологиялық айнымалыларға негізделген кешенді тәсіл» жобасы аясында орындалды. Мемлекеттік тіркеу нөмірі: AP14869249. Ғылыми жетекші: Журабекова Г.А.

Ғылыми-зерттеу жұмысының апробациясы.

Диссертациялық жұмыстың негізгі мазмұны 10 ғылыми еңбекте жарияланған, оның ішінде үшеуі Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми журналдарда жарық көрген. Сонымен қатар, үш мақала шетелдік мерзімді басылымдарда жарияланған: оның ішінде біреуі Scopus деректер базасында индекстелетін Q1 санатындағы

«BMC Pregnancy and Childbirth» журналында, біреуі Q2 санатындағы «Iranian Journal of Medical Sciences» журналында, және біреуі Scopus деректер базасында индекстелетін Q3 санатындағы «Human Ecology» журналында жарияланған. Ал төрт жұмыс халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда тезис, ауызша баяндама және постерлік баяндама түрінде ұсынылған.

Докторанттың жеке үлесі

Ізденушінің жеке үлесі зерттеу тақырыбы бойынша деректерді жинаудан, теориялық және эксперименттік зерттеулер жүргізуден, алынған нәтижелерді талдаумен интерпретациялап ұсынудан, ғылыми басылымдарды және диссертацияны жазудан тұрды.

Диссертацияның көлемі және құрылымы.

Диссертация 129 беттен тұрады және келесі бөлімдерден құралған: қысқартулар мен белгілер тізімі, кіріспе, әдебиеттерге шолу, материалдар мен әдістер, зерттеу нәтижелері мен талқылау, қорытынды, практикалық ұсыныстар және пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

Кіріспеде зерттеу тақырыбының өзектілігі негізделіп, зерттеудің объектісі мен пәні анықталады, жұмыстың мақсаты мен міндеттері тұжырымдалады. Сонымен қатар зерттеу әдістері сипатталып, жұмыстың ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы көрсетіледі. Кіріспеде қорғауға ұсынылатын негізгі ғылыми қағидалар, сондай-ақ зерттеу нәтижелерінің апробациясы мен жарияланымдар туралы мәліметтер беріледі.

Бірінші тарауда жүктіліктің қолайсыз нәтижелеріне арналған қазіргі ғылыми әдебиеттерге жан-жақты шолу ұсынылған. Ерекше назар мерзімінен бұрын босанудың эпидемиологиясына, жіктелуіне және салдарларына аударылады. Тарауда мерзімінен бұрын босанудың аналық, әлеуметтік-экономикалық, мінез-құлықтық және биологиялық қауіп факторлары талданып, ананың ауыз қуысы аурулары мен жүктіліктің қолайсыз нәтижелері арасындағы байланысқа қатысты ғылыми деректер қарастырылады. Сонымен қатар ауыз қуысы қабынуы мен пародонт патогендерінің жүктілік асқынуларымен байланысын түсіндіретін ықтимал биологиялық механизмдерге ерекше назар аударылады.

Екінші тарауда зерттеудің материалдары мен әдістері сипатталған. Онда жүйелі шолу мен мета-талдаудың, проспективті когорттық зерттеудің және Қазақстан Республикасында жүргізілген nested case–control зерттеуінің дизайны баяндалады. Сонымен қатар зерттеу популяциясының сипаттамалары, деректерді жинау тәсілдері, ауыз қуысы денсаулығын клиникалық бағалау әдістері және Fusobacterium nucleatum-ды молекулалық анықтау тәсілдері сипатталады. Сондай-ақ көп айнымалы регрессиялық талдау және машиналық оқыту модельдерін қамтитын статистикалық әдістер көрсетілген.

Үшінші тарауда зерттеу нәтижелері және олардың талқылауы ұсынылған. Жүйелі шолу мен мета-талдау, когорттық және case–control зерттеулерінің нәтижелері, сондай-ақ молекулалық зерттеу нәтижелері баяндалады. Дәстүрлі статистикалық талдау мен машиналық оқыту модельдерінің нәтижелері көрсетіліп, мерзімінен бұрын босанудың қауіп факторлары жүйесіндегі ауыз қуысы денсаулығы көрсеткіштерінің маңыздылығы талданады. Нәтижелер халықаралық ғылыми деректермен салыстыра отырып талқыланады.

Қорытынды бөлімінде диссертацияның негізгі нәтижелері жинақталып, зерттеу мақсаттары мен міндеттерінің орындалғаны көрсетіледі. Сонымен қатар жұмыстың ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы негізделіп, клиникалық практикаға арналған ұсыныстар мен болашақ зерттеулер бағыттары ұсынылады.

.